

**Бодеев М.Т.**, қауымдастырылған профессор  
**Аданов Қ.Б.**, қауымдастырылған профессор  
**Григоркевич А.А.**, қауымдастырылған профессор  
**Багдаулет Т.**, аға оқытушы  
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация:** мақалада бастауыш сынып оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Дене шынықтыру сабақтары негізінен қимыл-қозғалыс тығыздығын қамтамасыз етеді. Ал баланың дербес ерекшеліктері, спорт түріне деген қызығушылығы ескерілмейді. Сондықтан дене тәрбиесі және спорт саласына ғылыми тұрғыдан қарастыру мәселелеріне назар аударылуы керек. Бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін қалыптастыру үшін, оған ықпал ететін педагогикалық шарттар жүйеленуі тиіс.

**Кілт сөздер:** бастауыш сынып оқушысы, қызығушылық, дене мәдениеті, сабақтың құрылымы.

**Bodeyev M.T.**, associate professor  
**Adanov K.B.**, PhD, associate professor  
**Grigorkevich A.A.**, associate professor  
**T. Bagdaulet**, senior lecturer  
Karaganda Buketov University, Karaganda

## **PEDAGOGICAL PROBLEMS OF THE FORMATION OF PHYSICAL CULTURE OF A PRIMARY SCHOOL STUDENT**

**Annotation:** the article deals with the formation of physical culture of younger schoolchildren. Physical education classes mainly provide the density of the lesson and the student's motor actions. And the individual characteristics of the child, interest in the sport are not taken into account. Therefore, it is necessary to pay attention to the problems of physical culture and sports from a scientific point of view. For the formation of physical culture of a younger student, pedagogical conditions that contribute to this should be systematized.

**Keywords:** primary school student, interest, physical education, lesson structure

Әлеуметтік факторлар адам дамуының биологиялық бағдарламасын жүзеге асырудың негізі болып табылатыны белгілі. Баланың күнделікті өмірде атқаратын қимыл-қозғалыс әрекеттері сенсорлық жүйеде мықты ақпарат ағынын туындататындықтан, бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін қалыптастыру мәселесі өзекті және бір ескеретін жағдай, соның нәтижесінде белсенділікке қажет қимыл-қозғалыс әктісі қайтадан жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру саласында белгілі бір заңдылық бар: дене шынықтырудың дамуы мен қызметі «қоғамның экономикалық және әлеуметтік-саяси жүйесімен» анықталады. Кез келген қоғамдағы дене шынықтыру жалпы қоғамның және әр адамның дене шынықтыру қажеттіліктерін қалыптастыру мен қанағаттандырудың екі жақты міндетін шешеді, яғни дене шынықтыру қызметі әлеуметтік тұрғыдан үлкен маңызға ие [1].

Мектептегі оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыратын және саулауатты өмір салтына тәрбиелейтін басты құрал – дене шынықтыру сабақтары. Осы салада көптеген жылдар қызмет етін жүрген мамандардың пікірлері бойынша және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген талдаулар көрсеткендей, қазіргі таңда өткізіліп жатқан дене шынықтыру сабақтарының деңгейі төмен деуге болады [2, 3].

Жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыруды дамытудың қазіргі кезеңінде мынадай үлгіде өткізіледі: сабақ (аптасы ішінде екі немесе үш дене шынықтыру сабағы) және сабақтан тыс іс-шаралар (спорт үйірмелер, спорттық жарыстар, спорттық мерекелер және т.б.). Дене шынықтыру сабақтарының мұндай мазмұнда өткізілуі мазмұны негізінен қимыл-қозғалыс тығыздығын қамтамасыз ету секілді мәселелерді шешуге бағытталған және мектептегі білім берудің педагогикалық теориясына жаңа әзірлемелерді енгізу қажеттілігінің шынайы алғышарттарын ескермейді [4].

Соңғы жылдары дене шынықтыру пәнінің бағдарламасына енгізіліп жатқан түзетулер мен толықтырулардың межелеген жоспарларға қол жеткізудің орнына, білім беру саласына теріс әсер етті. Соның салдарынан қоғамға және адамзат баласына тигізіп жатқан әсері орасан зор. Атап айтар болсақ:

- жас ұрпақтың денсаулығы мен дене дайындығы деңгейінің төмендеуі, қолжетімді алаңдар мен стадиондардың болмауы және жойылуы, мемлекеттік жүйелердің қоғамда кеңінен тарала бастаған дене шынықтыру-спорттық нысандарының жүйелі қызмет етпеуі;

- дене тәрбиесінің дәстүрлі формалары мен жүйелеріне қызығушылықтың төмендеуі; дене шынықтыру саласы бойынша білімнің жеткіліксіздігі, оқушылардың дене шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыруға, оларды өз денсаулығын нығайтуда, салауатты өмір салтын және бос уақытты мәдени-бағдарланған тұрғыда ұйымдастыру жұмыстарының мақсатты қызмет етпеуі;

- дене шынықтыру сабақтарының мазмұны мен білім беру негіздерінің жеткіліксіз әзірленуі, олардың берілген үлгілер мен дене шынықтыру нормативтеріне бағдарлануы мектеп сабақтарын оқу сабақтарына айналдырумен ұштасады да, оқушылардың білім алу және қимыл-қозғалыс белсенділіктері төмендеуі салдарынан, қимыл-қозғалыс әрекеттері нашарлайды.

Дене тәрбиесі және спорт саласының итермелеуші-қозғаушы күші жекелеген тұлғаны және қоғамды тәрбиелеуші күш болып табылады. Ол адамзат баласының алға жоспарлаған арман-тілектеріне қол жеткізуге қызмет ететін бірден-бір құрал. Бұл саладағы бастамашыл, ілгерілеуші іс-әрекеттер қоғам мен тұлға мәдениетінің ажырамас бөлігі екені анық. Міне, сондықтан дене тәрбиесі және спортты ғылыми тұрғыдан түсіну мәселелеріне назар аударылады. Жалпы адамзат мәдениетінің барлық аспектілерінің дамуы қазіргі уақытта тезірек жүруде және дене тәрбиесі де дамудың жаңа сатысына қадам басуға міндетті.

Адам бойындағы психикалық және дене әлеуетін дұрыс пайдалануға мүмкіндік беретін білім беру жүйесін, жаңа педагогикалық технологияларды, қарқынды әдістер мен оқыту әдістерін реформалау арқылы мектептегі дене тәрбиесін қайта құруға болады деген болжам айтуға болады. Педагогика процесіндегі инновациялық жол, бізге адамның жалпы білімінің тиімділігін арттыру, оның дене шынықтыру дайындығы, жан-жақты және үйлесімді дамуы мәселелерін шешуде ең ұтымды жол болып айқындалады.

Дене тәрбиесінің атқаратын осындай қызметін түсінбей тұрып, жаңа мақсаттарға жету мүмкін емес. Дене тәрбиесінің негізгі құндылықтарының бірі – кез-келген қозғалысты, жаттығуды және т.б. оқыту емес, сол қозғалысты тудыратын мән-мағынаны дамыту болып табылатындығы. Сондықтан да, жеке тұлғаның дене бітімін тиімді қалыптастырудың арнайы жағдайларын жасайтын мұғалімнің іс-әрекеті туралы түсінік өзгеруі керек.

Үздіксіз білім беру жүйесінің әртүрлі құрылымдық элементтерінде жеке тұлғаның дене шынықтыруын қалыптастыру процесіне байланысты проблемаларды әзірлеу отандық педагогика мен психология саласында бірнеше бағытта жүзеге асырылады.

Бұл мәселе төңірегінде жеткілікті деңгейде зерттелмеген, зерделенбеген мәселелер бар екендігін жүргізілген талдау жұмыстары арқылы белгілі болды. Сондай өзекті мәселелердің бірі – жалпы білім беретін мектепте білім алатын бастауыш сынып оқушысының жеке басының дене шынықтыру негіздерін қалыптастыру. Сонымен қатар, қазіргі жалпы білім беру тәжірибесінде жеке тұлғаның дене мәденетін дамытуға арналған іс-әрекеттерді ғылыми негіздеп ұйымдастыру қажеттілігі мен оны жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырудың педагогикалық жағдайларының жеткіліксіз дамуы арасында қайшылық бар.

Аталған мәселені дұрыс бағытта дамыту үшін, оқу-тәрбие жұмыстарын жандандыру арқылы бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін қалыптастыру керек деп болжаймыз және келесі іс-әрекеттерді қарастырған дұрыс:

- бастауыш сынып оқушының дене мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық мәселелерін талдау;

- бастауыш сыныпта білім алатын оқушының тұлғасындағы анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескеру, тәрбие жұмыстарының мазмұнын қайта қарау;

- бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін қалыптастыратын талаптар мен деңгейлерді даярлау;

- оқушының дене мәдениетін тиісті деңгейде қалыптастыратын педагогикалық шарттарды анықтау. Ал бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін мынадай педагогикалық шарттар арқылы қалыптастырса, жоғарыда аталған іс-әрекеттер оң нәтиже береді деп болжам айтуға болады:

- бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мектепшілік және сабақтан тыс жұмыстарды мазмұнды-мақсатты түрде жүзеге асыру;

- бастауыш сынып оқушыларымен өткізілетін дене шынықтыру жұмыстарын дербес және сараланған тәсілдер арқылы жүзеге асыру;

- оқушылардың өздік жұмысы кезіндегі қимыл-қозғалыс моторикасын түрлі қимыл-қозғалыс әрекеттерімен толықтыру;

- дене шынықтыру сабақтары және сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі мен өзгермелілігін қамтамасыз ету;

- сыныпта, спорт үйірмесінде оң эмоциялық көңіл-күй қалыптастыру, оқушылардың бір-біріне көмекке келе білу қасиеттерін шыңдау, жеке тұлғаның өз күшіне деген сенімділігін ояту;

- оқушылармен жүргізілетін дене тәрбиесі жұмыстарына қоғамды, ата-аналарды тарту.

Сонымен, аталған тақырыпты талқылай келе, бастауыш сынып оқушысының дене мәдениетін қалыптастыруда түйіні шешілмеген мәселелері бар екендігін анықтадық және бұл проблема бойынша іргелі жұмыстар жүргізілуі керек екені анықт. Себебі балалар – біздің болашағымыз және ғылыми мақаламызда осы мәселені қарастыруды жөн көрдік. Ұсынып отырған іс-әрекеттеріміз жүзеге асатын болса, бастауыш сынып оқушысының жеке басының дене мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешуге болады және оқушының жеке басының дене мәдениетінің мәні, құрылымы және критикалық сипаттамалары анықталады. Ал ол үшін дене шынықтыру құралдарын қолдану формалары әзірленіп, оқушының дене мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық-психологиялық жүйелер мақсатты қызмет етулері керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Ә.Ботағариев, С.С.Кубиева «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері» Орал, 2012. – Б.232.
2. Г.А. Джарылкапова Здоровье – осознанная необходимость. Учебник: курс лекций с практическими рекомендациями. – Алматы: Алматы кітап, 2005. – 176 с.
3. Г.Б. Мауленбердиева Формирование здорового образа жизни младших школьников в процессе внеклассной деятельности. дисс. ... канд. пед. наук. – Шымкент, 2007. – 138 с.
4. Т.А. Ботағариев Научно-педагогическое обоснование совершенствования физического воспитания школьников с учетом региональных условий: автореф. ... докт. пед. наук. – Алматы, 2001. – 32 с.